Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 50 (1105)

23.12.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ӨНЕР КӨГІНДЕ

«АҚЫНМЫН ҚАРА СӨЗДЕН ҚАЙМАҚТЫ АЛҒАН»

ОНЫ ЖАҚСЫ БІЛЕТІН ӘРІПТЕСІ БЫЛАЙ ДЕП ЖАЗАДЫ: АРҚАСЫ ҚОЗҒАНДА АЛДЫНДА АРЫСТАН ТҰР МА, АЮ ТҰР МА ҚАРАМАЙТЫН, СЫҢАР МҮЙІЗІМЕН БІРАҚ ШАЙҚАЙТЫН, ЕГЕР ШАМЫНА ТИІП, ШАБЫНА ШОҚ ТҮСІРСЕҢІЗ, ЕКІ ИЫҒЫН ЖҰЛЫП ЖЕП, ҚАРА ЖЕРДІ ҚОС АЯҚТАП ТЕПКІЛЕП, ҚОЛЫНДАҒЫ ДОМБЫРАСЫН ҚАРАҒАЙ НАЙЗА СИЯҚТЫ ЫРҒЫП-ЫРҒАП ЖІБЕРІП, ЕКІ ИЫҒЫ АЛМА-КЕЗЕК СЕЛКІЛДЕП, БЕЛ ОМЫРТҚАСЫ БҰЛҒАНДАП ЖҮРЕ БЕРЕДІ... ЖАРЫҚТЫҚ ӘКЕСІ МҰҚАМӘДИ ДЕ КӨЗІНДЕ ОТЫ БАР ҰЛЫНАН ҮМІТ КҮТІП, ТЕК ОҢ ТІЗЕСІНЕ ОТЫРҒЫЗЫП ӨСІРДІ. СӨЙТКЕН ПЕРЗЕНТ ӘКЕ ҮМІТІН АҚТАДЫ, ӘКЕ-ШЕШЕДЕН ДАРЫҒАН ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ҚАЙЫҒЫНА МІНІП, ҚАЗАҚ АЙТЫС ӨНЕРІНДЕ ӨЗІНДІК ІЗІ БАР ТҰЛҒАҒА АЙНАЛДЫ.

Жай сөзді мен айтпаймын жайдақтаған,
Ақынмын қара сөзден қаймақты алған

– деп жырлаған Жетісу топырағынан түлеп ұшқан, есімі елге мәшһүр айтыскер ақын Айтақын БҰЛҒАҚОВ алдағы жылы пайғамбар жасына шығады.

Елдің ерке де сүйікті перзентіне айналған Айтақын Мұқамәдиұлының от жүрегін тулата өмірге келген жері – жазиралы Жаркент топырағының бір пұшпағы саналған Үшарал ауылы. Балауса шағынан ауылдағы көп қарадомалақтай асыр салудың орнына сауыншы анасына қолғабыс етіп, ойынға қанбай өсті. Анасы Гүлшәрияның жасырынып көз сығымын кірпіктен сылып тастап жүретінін сан рет байқаған жас жүрегі мехнатты жалғаннан жақсылықты ғана үміт ететін-ді.

Қос қабірдің келіп тұрмын басына,
Қатал тағдыр бізден ерте айырған.
Әкем ұлын алып жатыр қасына,
Тосын ажал қанатынан қайырған, – деп

сол бір шақты жыр еткен ақын 1967-1977 жылдар аралығында мектеп қабырғасында білім алды. Ал одан кейінгі жылдарда анасының шаруасына қолғабыс етті. Бұғанасы бекімей жатып ауыр жұмысты арқалаған ақын арагідік аудандық, облыстық ақындар айтысына да қатысып, қаннан берілген қасиетті ұштады. Ал айтыс өнерінде ерекше атайтын екі ұстазы болды. Оның бірі ақын Әсет Керімбеков және Жетісу жұртына мәшһүр Әбікен Сарыбаев.

Руханияттың тетегершігіне айналған ол қазақтың небір талантты ақындарымен сөз барымтасына түсті. Бәрінде есе жібермеді. Бағы басым түскен тұстары көп. Жарты ғасырға жуық айтыс деп келетін ақын, саналы ғұмырының бір бөлігін журналистика саласына да арнады. Бүгінгі таңда Жетісу облыстық «Алатау» газеті-нің бас редакторы қызметін атқарып келеді.

Айтыс сахнасында жүріп ақындығымен танылған Айтақын Бұлғақов туралы айтылған пікірлер легіне назар салыңыздар.

Жалғасы 4-5-беттерде

НЕГЕ?

КІТАП ОҚУДАН ҚАЛДЫҚ

Халқымыз әр ғасырда ел даналары мен замана тұлғаларының өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған ұлағатты және өнегелі сөздерін кітаптан алған. Кітаптың рухани қазына аталуы да сондықтан.

Ақын Иосиф Бродский: «Егер бір адам кітап оқымаса, бұл оның өз қасіреті, ал миллиондаған адам кітап оқымаса, тұтас бір ұлттың қасіреті» деген екен. Қазіргі хәлімізді қасіретке теңемеймін, десек те, Мұхтар Шаханов айтпақшы, «компьютербасты» жарты адамдар көбейіп жатыр емес пе?! Осындай олқылықтарды көрген сайын ес білгелі кітаппен дос болған жазушының естеліктері еске түседі. Олардың «Біздің кезде» деп басталатын әсерлі әңгімелерінің көбі кітап туралы.

Ауыл кітапханасына келетін барлық кітапты сол кездері жастар жарыса оқыған. Бас қосыла қалса, оқыған әңгіме, жыр-дастандары ауызға түспей, оқыған-тоқығандарын ортаға салып, талас-тартысқа түседі екен.

Ал қазіргі жастардың бастары біріксе талқылайтын тақырыптары әлеуметтік желілерде қандай жаңалық бар, жұлдыздардың парақшасында не болып жатқаны, одан қалса әңгімелесудің орнына, ұялы телефонға үңіліп отырады.

Қазіргі кезде том-том кітап құшақтап, кітапханаға жиі баратын адамды сирек кездестіретін болдық. Мерекелерде, туған күндерде адамдар бір-біріне кітап сыйлаудан қалған. Соның салдарынан жастар еркін ойлауға, ауызекі тілде көркем сөйлеуге қабілетсіздік таныта бастағандай. Әдеби шығармаға деген құлықсыздық пайда болды. Оның орнына психологиялық, мотивациялық, қаржы тақырыбына арналған кітаптар үлкен сұраныста – дейді кітап дүкендерінің мамандары. Ал кітапхана қызметкерлері бұл пікірмен келіспейді. Көркем шығармаларға деген қызығушылық бәсеңдемегенін алға тартады. Дегенмен, оқырмандардың 35 пайызы зейнет жасындағы адамдар екенін жасырмайды. Ал жастардың үлесі небары 25 пайыз ғана.

Мамандар енді «неге кітап оқылмайды?» деп емес, «неге кітап оқыта алмаймыз?» деген сұраққа жауап іздегеніміз жөн дейді. Ал ол үшін кітап дүкендері мен кітапханаларда жарнама қызметін дұрыс жолға қою керегін алға тартады. Бүгінгі нарық заманында халық дәулетті болып кетудің жеңіл амалдарын көрсетеміз деп, майын тамызып ақыл айтқан әлеуметтік желі жұлдыздарына көбірек құлақ асады. Сәйкесінше, рухани азық үшін емес, коммерциялық мақсатта шығарылған кітаптар сөрелерде шаң басып тұрмайды дейді.

Бүгінде кітапханаға барып, қазақ және шетел әдебиетінің төл туындыларын оқимын, ой-өрісімді кеңейтемін деген жастарға барлық жағдай жасалған. Кез келген іздеп жүрген шығармаңды кітапхананың бай қорынан іздеп табуға болады. Соған қарамастан балалар яки ересектер болсын бұл мекемеге анда-санда болмаса, жиі бас сұқпайды екен. Неге?

А. БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЗАР!

ЕЛДІҢ ҚАЛАУЫ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАСЫН...

Құрметті Бейбіт Өксікбайұлы!

16 қарашада өткізген кездесуіңізде, Талдықорған қаласы қоғамдық Палатасының мүшесі Ермек Ешмұханбетұлы мырза, Талдықорған қаласының орталық көшесі атауының қайтарылуы және Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнату жөн деп ұсыныс айтып еді. Сонымен қатар, Талдықорған қаласының қоғамдық Кеңесі мүшелері де осындай ұсыныстарын бергені туралы хабардар болып жатырмыз.

Көпшілік қолдаса, мәселені міндетті түрде қарап қолдаймыз деп жауап беріп едіңіз. Осы мәселе бойынша өз пікірімізді білдіруге міндеттіміз деп есептедік.

Талдықорған қаласы тұрғындарымен талқыламай, тірі адамға көшелердің атын беру және ескерткіш орнатумен келіспейтінімізді білдіреміз.

Талдықорған қаласының орталық көшесіне Тәуелсіздік атауының қайтарылуын және Абай көшесі мен Тәуелсіздік көшелерінің қиылысында, Н.Назарбаевтың ескерткіші болған жерге, Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнату туралы ниетті толығымен қолдайтынымызды білдіреміз.

Біздің пікіріміз ескеріледі деп сенеміз.

«Жетісу облысының қоғамдық Палатасы».

БРИФИНГ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР АЛАҢЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ӘЛІБЕК ЖАҚАНБАЕВ АЙМАҚТЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖАЙЫНДА БАЯНДАДЫ.

Баяндамашы мәліметінше, облыста барлық суармалы егістік көлемі 200 мыңнан астам гектарды құрайды. Мемлекеттік қолдаулардың нәтижесінде, биылғы жылы егін шаруашылығында дақылдардың егіс көлемі артып, 517 мыңнан астам гектарға жетті.

Жетісуда азық-түлік өндірісі биыл 10 пайызға артты. Теңгеге шаққанда бұл көрсеткіш 57,4 млрд. қаражатты құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында 150 кәсіпорын жұмыс жасайды. Бұл салада өсім әрқайсысының көрсеткіштері жоғары болғанда қол жеткізіледі. Мәселен, сүт өнімдерін шығаратын 11 өңдеу кәсіпорны 29 мың тоннаның өнімін өндірді. Майлы дақылдарды қайта өңдейтін кәсіпорындардың өндіріс көлемі бір жарым есеге артқан. Ет өңдеу бойынша 1400 тоннаға жуық дайын өнімді шығаратын 5 цех жұмыс істейді. Өндірілген өнімдер тек отандық нарықта ғана қолданылмай, экспортқа биыл 44 мың тонна өнім шығарылыпты.

Мал шаруашылығын қолдауға биыл 9,2 млрд. теңге субсидия бөлінді. Бұл жалпы ауыл шаруашылығына берілген қаражаттың 37 пайызын құрайды. Осы қолдаудың арқасында 169 шаруашылық 13 мыңға жуық мал басын сатып алды, сонымен қатар шетелден 352 бас асыл тұқымды мал әкелінді.

Өңірде мал қыстату науқаны басталып, 2341 қыстаққа мыңға жуық ірі қара, ұсақ мал, жылқы көшірілді. Мал иелерінің тұрғын үймен, су, отын және азық-түлікпен қамтылуына мониторинг жүргізілуде. Науқанға 2 млн. 25 мың тонна немесе 1,5 жылдық мал азығы дайындалды.

Мал шаруашылығын дамыту бойынша 2026 жылға дейін жалпы құны 36 млрд. теңгені құрайтын 33 инвестициялық жобаны іске асыру көзделуде. Нәтижесінде 23 мал бордақылау алаңы мен 8 сүт фермасы құрылып, қуаттылығы 19 мың тонна құс етін өндіретін жаңа кәсіпорын ашылмақ.

«Өсімдік шаруашылығына 2023 жылға бюджеттен 8,1 млрд. теңге субсидия қарастырылды. Қазіргі уақытта келер жылы себілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі айқындалды. Айналымға қосымша 1,7 мың гектар жер қосылып, егіс көлемі 519 мың гектарға жеткізіледі.

Алдағы төрт жылда қызылшаның егістігін 15 мың гектарға және жалпы түсімін 525 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланған. Бұл мақсатта облысымызда екі қант зауыты жұмыс жасайды. Президенттің тапсырмасына сәйкес 2023 жылы Ақсу қант зауытында құрақ қантын өңдеу линиясын іске қосып, жылына 80 мың тонна өңделеді және 2026 жылға қарай екі зауыттың қант өндірісі 180 мың тоннаға дейін жеткізіледі» – деді облыс әкімінің орынбасары.

2023 жылдан бастап 2,5 пайыздық үстемақымен «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы ауыл тұрғындарын шағын несиемен қамту бағдарламасы жүзеге асырылмақшы. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 1,6 млрд. теңге қаражат бөлінген. Аталмыш бағдарламада жеке қосалқы шаруашылықтармен қатар сервистік қызмет көрсету үшін құрылған кооперативтерге де несиелер беріледі. Сонымен қатар Жетісу облысы ауылшаруашылық жануарлары мен құстардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының алдын алу іс-шараларына қажетті ветеринариялық препараттармен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 2 млрд. теңге бөлініп толығымен игерілген.

Айта кетейік, облыс бойынша 21 ветеринариялық пункт бар. Олардың 5-уі – осы жылы қолданысқа берілген модульді ветеринариялық пунктер. Бұған қоса, 2023 жылға облыстық бюджеттен 18 дана модульді ветеринариялық пункт салуға 300 млн теңгеге жуық қаражат қарастырылған.

Жетісу облысында ауыл шаруашылық саласын дамытуға тұрақты мемлекеттік қолдаулар көрсетілуде, жалпы ағымдағы жылы 37 млрд. теңге қаражат бағытталса, 5 млрд. теңгеге лизингке 230 техника алыныпты. Минералды тыңайтқышты қолдану өткен жылға қарағанда 20 пайызға артып, 17,5 мың га құраған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ШАРА

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ КҮНІ АЯСЫНДА «ҚАЗПОШТА» АҚ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ АРНАЙЫ ШАРА ӨТКІЗДІ.

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ КҮНІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Шараға келушілердің қатары көп болды. Басылымға жазылуға қатысты «Қазпошта» АҚ сауда бөлімі директорының орынбасары Болатхан Ержігітов қоғамдық көзқарастың қалыптасуында газеттің рөлі маңызды екендігін атап өтті.

– «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» демекші, халық пен биліктің арасындағы алтын көпірге айналып отырған ақпарат құралдары халыққа нақты деректер мен шынайы ақпарат береді. Олай болса, өңірде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуда оқырмандарды жергілікті газеттерге жазылуға шақырамыз, – деді Болатхан Топанбайұлы.

Баспасөзге жазылу шарасы аясында оқырмандарға газетпен қатар редакция журналистерінің авторлық кітаптары да сыйлыққа берілді.

Айдана МОЛДАЛІМ

КОНФЕРЕЦИЯ

ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ АСЫЛ ҚАЗЫНА

Талдықорған қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясы Жетісу облыстық филиалының бірінші сессиясы өтті. Алғашқы отырысқа облыстың әр аймағындағы ұйым мүшелері мен Ассамблеяның республикалық кеңесінің өкілдері қатысып, келер жылға арналған жаңа жоспарларды бірлесе құрды.

Кеңейтілген отырыстың алғашқы бөлігінде ашық түрде дауыс беру арқылы ҚХА Жетісу облыстық филиалы төрағасының қоғамдық орынбасарлары сайланды. Облыстық Ассамблея кеңесінің мүшелері бірауыздан бірінші орынбасар ретінде Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Қуат Баймырзаевты, екінші орынбасар ретінде Әзірбайжан этно-мәдени орталығының төрағасы Фахретдин Магеррамовты сайлады. Сонымен қатар жаңа облыста атқарылатын жаңа міндеттердің бірқатары талқыланып, нақты шешімдер қабылданды. Атап айтсақ, алдағы жылы еліміздегі этносаралық қақтығыстардың алдын алу мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесі құрылып, халықтың рухани және мәдени дамуына ықпал етілетін болады. Сонымен қатар облыстағы қоғамдық даму басқармасы мен «Жетісу» телеарнасы арасында келісім орнатылып, ҚХА-ның «Единый народ» бағдарламасы көгілдір экраннан көрерменге апта сайын жол тартып отыру керек деген шешім қабылданды. Жалпы мемлекеттік «Бірлік – даму үшін» ұранын ілгерілету және түсіндіру үшін түрлі шаралар қолдану керек деген ой ортаға салынып, оның жоспары құрылды. Оған қоса жиында облыстық «Ассамблея жастары» ұйымына қолдау көрсетіліп, жаңа буынның жаңаша бастамаларына ерекше мән беру керектігі де сөз болды.

– Ассамблеяның қызметі жыл сайын заман талабына сай реформаланып, өзгеріп отырады. Біз әр жылға тың идеялармен нық қадам басамыз. Бүгінгі жиында да бірқатар жоба қолға алынып, облысымызға жаңа серпіліс әкелетін шешімдер қабылданды. ҚХА Жетісу облыстық филиалы мүшелері бірлік пен татулықтың арқасында талай белесті бағындырып келеді. Жақында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы сәтті жауапты науқанда да белсене қызмет етті. Болашақта атқарылатын жобаларымызда жоғары деңгейде болады деп сенемін, – деді «Ассамблея жастары» республикалық ҚБ төрағасы Тимур Жұмырбаев.

Ассамблея жұмысын одан әрі жандандыратын уақыт жеткенін айтқан жиынға қатысушылар алға қойылған жоспарларды іске асыру кезінде аудан, қала әкімдері бірауыздан атсалысса, көптеген мүмкіндікке жол ашылатынын айтты. Шара соңы «Тәуелсіздігім – тұғырым!» атты концерттік бағдарламаға ұласты.

А.СМАҒҰЛ.

СТУДЕНТ ОЙЫ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕН ЖЕГІ ҚҰРТ

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ, «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Бүгінде сыбайлас жемқорлықпен күрес қоғамдағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Осы бір келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілсек, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе.

Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына же-түді көздеп отырған шақта сол адами қалып – парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Ерасыл МЫРЗАҒҰЛ,
Zhansugurov college-нің
306 құқықтану топ студенті.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

ВЫСЛУШАЛ ДОКЛАД ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА

Алихан Смаилов доложил главе государства об основных направлениях деятельности правительства в 2023 году, передаёт BaigeNews.kz со ссылкой на Telegram-канал пресс-службы главы государства.

Касым-Жомарту Токаеву детально рассказали о работе и планах по реализации его предвыборной программы, экономической политике правительства, в том числе о мерах по снижению инфляции, развитию нефтегазовой и энергетической отраслей, обрабатывающей промышленности, сельского хозяйства, предпринимательства и других секторов экономики.

Алихан Смаилов сообщил, что предусматривается отмена и пересмотр порядка 10 тысяч мешающих бизнесу требований в 44 сферах регулирования, увеличение числа занятых в МСБ до 3,8 млн человек, реализация 289 новых инвестиционных проектов на 4,2 триллиона тенге с созданием 38 тысяч рабочих мест, строительство ряда крупных инфраструктурных объектов.

Кроме того, президента ознакомили с планами по насыщению внутреннего рынка товарами отечественного производства, переформатированию деятельности стабилизационных продовольственных фондов, строительству школ нового формата, модернизации объектов сельского здравоохранения, обеспечению занятости граждан и др.

Премьер-министр также представил прогноз социально-экономического развития республики на предстоящий год, предусматривающий рост экспорта, реальных зарплат и экономики в целом, а также снижение инфляции.

Глава государства поручил правительству принять исчерпывающие меры по исполнению предвыборной программы, а также обеспечить реализацию макроэкономических планов и социальных обязательств государства.

Президент поставил перед правительством следующие задачи: обеспечить благоприятный инвестиционный и бизнес-климат в стране, снизить уровень инфляции, улучшить ситуацию в сфере здравоохранения, держать под особым контролем прохождение отопительного сезона.

АРМИЯ

ПРЕДЛАГАЮТ НАКАЗЫВАТЬ ЗА ФЕЙКИ ОБ АРМИИ В ОСОБЫЙ ПЕРИОД

Министерство обороны Казахстана предлагает ввести административную и уголовную ответственность за распространение заведомо ложной, недостоверной и деструктивной информации или сведений, которые дискредитируют Вооруженные силы Казахстана, другие войска и воинские формирования в глазах общественности, подрывают общественную безопасность и обороноспособность республики в особый период,- передает Sputnik.

Министерство обороны пояснило, что понимается под особым периодом.

В Вооруженных силах под особым периодом понимается кризисный период, который вводится в соответствии с законами Казахстана от 5 марта 2003 года N 391 «О военном положении», от 8 февраля 2003 года N 387 «О чрезвычайном положении» и от 13 июля 1999 года «О противодействии терроризму» на всей территории или определенной части Республики Казахстан.

«*Как показывает мировой опыт, особому периоду предшествует фаза активного информационного воздействия на население (информационная война), в которой распространяется информация, нацеленная на деморализацию гражданского общества и личного состава Вооруженных сил*», — говорится в сообщении.

Предлагаемые изменения в действующее законодательство в особый период нацелены на урегулирование действий СМИ и пользователей социальных сетей в информационном пространстве и в первую очередь на обеспечение общественной безопасности.

«*Подчеркиваем, предложения будут иметь силу в особый период, и могут вводиться только высшим руководством страны*», — отметили в Минобороны.

В мирное время в соответствии со статьей 20 Конституции Казахстана цензура запрещается, каждый имеет право свободно получать и распространять информацию любым, не запрещенным законом способом.

Вместе с тем, в соответствии пунктом 3 этой же статьи Конституции, не допускается пропаганда или агитация насильственного изменения государственного конституционного строя, нарушения целостности Республики, подрыва безопасности государства, войны, социального, расового, национального, религиозного, сословного и родового превосходства, а также культа жестокости и насилия.

За нарушение режимов чрезвычайного и военного положения, а также режима антитеррористической операции предусмотрена ответственность.

Однако, ответственность за распространение заведомо ложной, недостоверной и деструктивной информации или сведений, которые дискредитируют Вооруженные Силы РК, другие войска и воинские формирования законодательно не предусмотрена.

В особый период распространение деструктивной информации, а также сведений о дислокации, тактике, формах, методах ведения военной операции, составе подразделений, продвижении личного состава, вооружения и военной техники Вооруженных сил, способно нанести значительный ущерб гражданскому населению и безопасности государства.

Как показывают события последних лет, именно эти действия активно применяются деструктивными силами в особый период, подчеркнули в Минобороны.

ТУРИЗМ

СТАВКА «BEDTAX» СНИЗИТ ПОТОК ТУРИСТОВ

Как передает пресс-служба Алматинской городской палаты предпринимателей, по данным аналитической службы «Атамекен», с 1 января 2023 г. регионами планируется утвердить максимальную ставку «bedtax» в размере 5% от стоимости проживания согласно Постановлению Правительства РК от 5 ноября 2021 г. № 787 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев».

Решение о принятии максимальной ставки обосновывается ростом потока иностранных туристов. При этом, по статистическим данным количество обслуженных посетителей местами размещения в I пол. 2022 г. ниже на 36,7%, чем за аналогичный период допандемийного 2019 г., что говорит о том, что въездной туризм еще не восстановился.

К сожалению, проект данного постановления не был детально обсужден участниками рынка, предприниматели считают, введение вышеуказанного постановления преждевременным. По мнению перпринимателей города Алматы, внедрение «bedtax» с 5 процентной ставкой снизит поток туристов.

«*Как известно, сфера туризма, включая рынок услуг размещения туристов больше всех пострадали от COVID-19 - закрытие границ, приостановка авиасообщения, массовая аннуляция туров и броней, покрытие за счет собственных средств содержания зданий и персонала во время простоя, нанесли отрасли значительный финансовый ущерб*», – отметила президент Казахстанская ассоциация гостиниц и ресторановРашида Шайкенова.

По данным Бюро Национальной статистики агентства по стратегическому планированию и реформам РК в январе-июне 2022 года показатели загрузки по-прежнему на низком уровне по Республике Казахстан 28,2%, в г. Астана 31,5%, количество обслуженных посетителей 2 971 696 человек, из 291 984 нерезидентов, что составляет 9,82% нерезидентов от общего количества туристов.

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 ноября 2021 года № 787 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев», маслихат города Астаны утвердил ставку туристского взноса для иностранцев в городе Астане с 1 января по 30 июня 2023 года включительно в размере 5 (пять) процентов от стоимости пребывания.

«Отели работают со стоимостью проживания, как с маркетинговым инструментом, понижая цену в низкий сезон и повышая в высокий. Поэтому привязка к стоимости услуги за размещение и к статистическим данным будет постоянно влиять на сумму налога и вызывать неразбериху. Более того это отвлечение персонала гостиницы, вплоть до необходимости увеличения штатного расписания», – говорит директор РПП г. Алматы Айтуар Кошмамбетов.

Если опираться на международный опыт, то туристский налог еще называется городским и никакого отношения к стоимости проживания не имеет отношения. Предприниматели полагают, что и в стране ставка туристского взноса должна быть фиксированной и ее расчет не должен ложиться бременем на гостиничное предприятие.

Предполагалось, что средства, собранные за счет «bedtax», будут направляться на развитие туристской инфраструктуры и продвижение дестинаций в регионах. Однако из финальной редакции Постановления данная норма исключена, как и предложение по внедрению нулевой ставки на 2023 г.

Туррынок Алматы считает, что цель туристского сбора должна быть прозрачной, т.е. необходимо отработать механизмы:

- простого, ясного пути взимания туристского сбора;
- на какие цели будут направленны средства туристского сбора;
-предусмотреть необходимость направления финансовых средств туристского сбора исключительно на развитие туризма, и на покрытие расходов участников туристского рынка на рекламу и продвижение Казахстана, как туристской дестинации.

«*Учитывая не восстановившийся поток въездного туризма, а также отсутствие нормативного основания для достижения целей внедрения туристского сбора, просим утвердить 0 ставку на 2023 год и и пересмотреть в следующем году Правила уплаты туристского взноса для иностранцев*», – подчеркнула Рашида Шайкенова.

Ш. ХАМИТОВ.

НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ

Специальный налоговый режим введут для таксистов и курьеров онлайн сервисов в Казахстане. Об этом на правительственном часе рассказала министр труда и социальной защиты населения Тамара Дуйсенова, сообщает корреспондент Zakon.kz.

СПЕЦИАЛЬНЫЙ НАЛОГ ВВЕДУТ ДЛЯ ТАКСИСТОВ И КУРЬЕРОВ

По ее словам, поправки входят в проект нового Социального кодекса.

Так, вносятся изменения в Налоговый кодекс в части введения единого обязательного платежа для наемных работников малого бизнеса. В следующем году предусматривается снижение налоговой нагрузки с 33 до 20%.

«Для лиц, осуществляющих трудовую деятельность через онлайн-платформы, такие как "Яндекс такси", Glovo и другие, будет введен специальный налоговый режим. При этом налоговыми агентами предлагается определить операторов онлайн-платформ, которые будут производить соответствующие платежи от имени занятых граждан».

Министр труда и социальной защиты населения РК Тамара Дуйсенова

Кроме того, предусмотрено снижение страховых тарифов для работодателей, осуществляющих страхование работников от несчастных случаев. Ставки будут иметь минимальные и максимальные значения, выбор этих значений будет зависеть от уровня несчастных случаев, травматизма и профессиональных заболеваний на производстве.

«*Принимаемые меры по снижению ставок будут сопровождаться поэтапным повышением размеров социальных выплат из Государственного фонда социального страхования и страховых компаний. Так, со следующего года гражданам, потерявшим работу, в соответствии с периодом уплаты взносов предусмотрены выплаты из ГФСС в размере 45% от прежнего дохода до 6 месяцев*», — добавила Тамара Дуйсенова.

9 сентября стало известно, что казахстанцам, занимающимся частным извозом, необходимо зарегистрироваться в качестве индивидуального предпринимателя.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНЕР КӨГІНДЕ

«АҚЫНМЫН ҚАРА СӨЗДЕН

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ардақүрең

Серік ӘБІКЕН, жазушы, «Жетісу» телеарнасының бас директоры: – *Небары 35 жыл ғұмыр кешкен жапон жазушысы Рюноскэ Акутагаваның «Ақын деген көп алдында жанын жалаңаш ұстайтын адам» деген керемет сөзі бар. Жүрегін алақанына салып жанындағыларға ұсыну – азапты әрекет. Жаралаушы көп. Содан барып ақыннан сөз құйылады, өткір, кейде ащы. Оған Құдайдың дарытқаны осы – қандауырдай лыпып тұрған, ой мен ұйқастан, мінез бен көркемдіктен өрілген сөз өнері. Бары да, бағы да сол. Мүмкін, соры да. Жетісу – ақындарын ардақтай алмаған өлке. Содан болар домбыра ұстап додаға түскен сүлейлер туралы «Е, ол бір қырсық шал еді» деген сөзді жиі естиміз. Қалқа да, Темірғали да, Әбікен де атқамінер жадында шәлкес мінезімен сақталыпты. Босаға жағалап бармаған, арды саудаға салып олжа алмаған айтыскерлердің есімдері көмескіленген. Өліні былай қойғанда жақсылардың жұрнағы болып ортамызда қалқайып жүрген Айтақын Бұлғақовтың өзіне осы соңғы уақытқа дейін ел үрке қарады емес пе? 2014 жылы Талдықорғанға келгенімде бір жиынға қатыстым, болашақ шараны талқылап, кімді шақыру, шақырмау керек дегендей мәселе қозғалды. Ойымда түк жоқ: Айтақын аға қалып қойды? – демеймін бе, шенеуніктің ішін мысық тырнап алғандай болып, беті тыржың етті. – Ол кісі біртүрлі өзі, дау шығарып жүреді... Күлдім. Е, басқа жақта «Айтқанның аузы жаман» болса Талдықорғанда «Айтақынның аузы жаманға» айналдырып алыпсыңдар, ә? дедім. Марқұм Бейсен Құранбек қасымда отыр еді, екі иығы селкілдеп ұзақ күлді. Міне з болмаса ақындық жетім. Сан аламанда бір төбенің шаңын бір төбеге қосып, қара үзген Айтақын ағада тау қозғар жігер, тау суындай сарқыраған болмыс бар.*

Көңілдің көрдім көктемін.
Өмірдің кештім өткелін.
Арманым асқақ, көргеннен,
Көрмегенім көп менің.
Ботасы өліп боздаған,
Інгеннің көрдім шөккенін.
Әкесін тартқан сақалдан,
Баланың көрдім өскенін.
Халықты қойдай иіріп,
Әкімнің көрдім бөскенін, – *дейді «Көп көрдім» деген толғауында. Осы кімге ұнасын, ал ұнардай етіп толғаса ақындықтың қадірі қане? «Жай сөзді мен айтпаймын жайдақтаған, Ақынмын қара сөзден қаймақты алған» деген болмысына опасыздық жасай алмағандықтан ол қазақ деген халықтың арда ұлы болып жүр. Алпыс жасқа толарында бірнеше мәрте тілдестік. Ай, Серік, мыналар осы жолы еңбекті елер, а? – деп алаң көңіл жүрді. Ақыры: Асып-тасқан дүнием болса кімге жәутеңдер едім, әкең... – деп қолды бір сілтеді. Құшақ-құшақ марапат таратылып, төбеден төсбелгі жауғанда алпыстан асқан Айтекеңе «Ақпарат саласының үздігі» бұйырды. Осы күні әр жас журналист оңай алып жатқан бұл атақтың ақынды қаншалық-ты жұбатқанын білмеймін, өзім сол кезде ақынның елене бастағанына қуандым. Ал биыл Айтаға қайраткер атанды. «Өксікбайдың баласы болмаса егер, өксуменен өтер ме еді өміріміз!» деп әкімге айтқан алғысының соңы арқыраған төкпе жырға ұласты. Жалпы, айтыста «хәйләйлімімен» Құлагердей көсілетін Айтекең жазба поэзияда тым нәзік, сыршыл ақын. Алпыс жылдығындағы қазақтың олжасы – Айтекеңнің пышақ қырындай кітабы болды. Деседе Бұлғақовтың бағы – айтыс. Сахнаға шығып домбыра қаққанында қалың халықтың қиқу қосқан ықыласын, сол ықыласқа қанаттанған ақынның қызыл көрген қанат қомдағанын тек көру керек. Айтекең айтыс өнерін шырқау биікке шығарған Есенқұл Жақыпбеков, Шорабек Айдаров, Қаныша Раисова, Қонысбай Әбілов секілді көптеген шоқтығы биік азаматтардың арасында ерекшеленіп тұрған тұлға. Шорабекпен айтысқанда өзін Гитлерге теңеген ақынға:*

... Қаққан болып отырсың тобықтан жай,
Мен де сені біреуге ұқсатамын,
Сен соны білсең болды сөз ұққандай,
Жаңадан сахнада жолығыппыз
Гитлер мен Бен Ладен жолыққандай... – *деген тапқырлығы тек сақалы қауғадай әріптесті қағыту емес, айтыстың болмысы бұзылып бара жатқанын жеткізгені еді. Сақал мәселесі кейін қалай қозғағанын көпшілік көрді. Осыны өзге емес, дәл Жетісудың ардақүреңі, ел еркесі Айтақын айтқаны қандай керім. Айтақын Бұлғақов ақын, айтыскер ғана емес, өз соңына ілескен Балғынбек, Жандарбек, Аягөз секілді қыз-жігіттерге қамқор бола білетін аға, өткеннің көшінде кеткен ағалардың елесін іздейтін – жоқшы да. Сол мінезімен ел алдында абыройлы. Қаңтар айының 19 күні ағамыз 63 жасқа толады. Өзің бастаған көшті бір сәтке тоқтатып, өткен жолыңа зер салатын шама. Одан ары қайта бөрібүлкек, тоқтаусыз өмір ағысы. 63-ке келдім деп алқынғалы тұрған аға жоқ, шау тартты ма деп сынай қарағандар шоқ жанарын байқаған болар, сондықтан тек «Жетісудың өнер көшін алға бастай беріңіз, «қырсық» қарттардың жолын жалғаңыз» демекпіз! Темірше Сарыбаев ағамыз «Айтақын Бұлғақовқа» деген өлеңінде:*

Ақынның қуат-күші десек халық,
Ел тойлар әр жасыңды есепке алып.
Жұлдыз боп жыр көгінде жарқырай бер,
Жұлып жеп, екі иықты көсеп қағып,
– деген екен, осыған алып-қосарымыз жоқ. Аман болыңыз, Әйтеке!

Алпысты алқымдаса да трендте

Балғынбек ИМАШЕВ, айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты: – *Айтақын Бұлғақовтың ағалық ақылы, әкелік қамқорлығы, ұстаздық өнегесі мен тәрбиесі болмаса бүгінгі Балғынбек те болмас еді.*

Мен Айтағамды мектептегі оқушы кезімде көріп, өнеріне тәнті болғанмын.

Жүрсін Ермановтың «Айтақын Бұлғақов, Талдықорған облысы» деген қоңыр үні әлі құлағымда. Айтағам шығып «Хәйләйлімге» басқанда, бойымды мақтаныш сезімі кернейтін. Бұндай энергетика, бұндай қуат, бұндай мәнер Айтақынды өз замандастарынан даралап тұратын. Ол айтыссүйер көрерменге өрнекті өлең ғана емес ерекше көңілкүй, қуатты энергетика, шынайы эмоция, айшықты әзіл, эстетикалық ләззәт сыйлайтын. Айтыс кезінде екі қарсылас ақынның арасында, ақындар мен қазылардың, ақындар мен көрерменнің арасында орнайтын көзге көрінбейтін байланыс Айтақын сияқты қуаты мол айтыскерлер сахнаға шыққанда анық байқалады.

Айтақынның қызық мақамы да, қызыл шапаны да, етігі мен бөркі де ерекше өтімді, қазіргі тілмен айтқанда «хит» болатын. Тоқсаныншы жылдардың басындағы жүздеген айтыскердің ішінде оншақты ақын ғана «топовый» еді. Солардың бірі емес, бірегейі – Айтақын Бұлғақов. Өйткені жылдар жылжып, заман өзгерген сайын, жаңа толқын ақындар легі, бұрынғыларды тықсырмаса да, сахнадан бірте-бірте сиретіп, ақыры оларды ардагерлер ретінде «зейнетке» шығарып жіберді. Ал 90 жылдары Қонысбай Әбіловпен айтысқан Айтақын Бұлғақов болса, 2000 жылы Айбек Қалиевпен, 2010 жылы Ринат Заитовпен, 2020 жылы Сырым Әуесханмен айтысып әлі сахнада жүр. Яғни, алпысты алқымдаса да трендте.

Тарихта әке мен бала болып айтысқан Манап Көкенов пен Әбдікәрім Манаповтардан кейін осы әкелі-балалы Айтақын мен Жандарбек Бұлғақовтар. Бұл айтысты ғылыми түрде талдап көлемді мақала жазуға болады. Меніңше әзілінің әрлілігі, көтерген мәселелердің ауқымдылығы мен ақындық шеберлігі мен поэтикалық көркемдігі жағынан бұл сөз сайысын жалпы айтыс тарихындағы классикалық үлгілердің қатарына жатқызуға болады.

Айтақынның айтқанынан қайтпайтын бірбеткейлігі, достық пен сертке адалдығы, бастық пен байбағланға жалпақтамайтын туралығы, өмірдегі батырлығы мен сахнадағы батылдығы бөлек әңгіме.

Алдағы жылы қаңтарда менің Айташ ағам 63-ке толады. Пайғамбардың жасына шығып, кемеліне келген көкемнің қазақ руханиятына сіңірген еңбегі билік тарапынан әділ бағаланып жатыр. Ал халықтың тарапынан әлдеқашан мойындалған. «Хәйләйлімнің» ең әуелгі иесін танымайтын, құрметтемейтін айтыссүйер қазақ кемде-кем. Айтағамды

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНЕР КӨГІНДЕ

ҚАЙМАҚТЫ АЛҒАН»

Алтайдан Атырауға, Ташкенттен Орынборға дейінгі күллі қазақтан бөлек, Моңғолия, Қытай, Қырғызстан мен Түркия, Еуропа мен АҚШ-қа дейінгі дүние жүзінің қазағы мен қырғызы таниды. Сол себепті, 23 желтоқсанда Жетісудың жүрегі Талдықорған қаласында «Айтыстың Айтақыны» атты халықаралық ақындар айтысы өтпек. Осы шараның өтуіне қолдау білдірген барлық ел азаматтары-на алғысымды білдіремін. Расында, ол – бір өңірдің танымал тұлғасы емес, өзіндік мектеп қалыптастыра білген айтыс өнерінің Айтақыны!

Арындаған аға Айтақын ақсақал Айтақынға айналды

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ, ақын, филология ғылымдарының кандидаты: *– Айтақын Бұлғақов айтыс аламанына өткен ғасырдың сексенінші жылдарының бел ортасында қосылған жүйрік. Атақты Көкен Шәкеев, Манап Көкенов, Қалихан Алтынбаевтардың ізін басып, Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілев, Баянғали Әлімжановтар бастаған көштің арасында оның да жұлдызы жарқырап көрінді. Ол кезде Жүрсін Ерман жүргізетін телевизиялық айтыстың қызып жатқан шағы болатын. Сол сөз майданына өзіндік мақамымен, ерекше дәстүрімен еніп, елдің есінде бірден жатталып қалған санаулы саңлақтардың бірі болды.*

Оның аты-жөнінің өзі бүкіл болмысын ашып тұратын. Айтақын деген есімі айтыс ақыны, айтушы ақын екенін білдірсе, Бұлғақов деген фамилиясы сахнада екі иығын ойнатып, жер тепкілеп, бұлғақтап отыратын образына сәйкес еді. Ол домбырасының бет тақтайын тақылдата «хәйләйлімге» салып, қонышы биік құрым етігінің темір тағалы өкшесімен сахнаны тесіп жібере жаздап өлең бастағанда залдағы қалың көрермен де желпініп сала береді. Сол ерекше жаратылысы үшін Айтақынды халық жақсы көрді. Кей айтысқа келмей қалса іздеп отырады.

Кейін қалыптасқан үрдісін сәл ауыстырып, Сүйінбай, Құлмамбеттердің мақамымен де айтысты. Ол мақамды да түлетіп, түрлендіріп, өзінің ойнақы қимылына лайықтап алды. Қазіргі Аспанбек Шұғатаев бастаған бірқатар ақындардың пайдаланып жүргені сол Айтекең түрлендірген мақам.

Өткен ғасырдың соңында Айтақын Бұлғақов бастап, Серік Қалиев екеуміз қостап, Алматыдан Бішкекке айтысқа бардық. Шымкент жақтан қосылған Бекарыс, Ақмарал, Кәрима алтаумыз қырғыздың қырық шақты ақынымен үш күн айтыстық. Сол кезде қырғыздардың Айтақын ағамыздың айтыс үстіндегі оқыс қимылдарын көріп «бұл не деген ғажап биші ақын?!» деп таңдай қаққанына да куә болғанбыз. Айтекең, шындықты шырқыратып айтатын шымыр шумақтарымен айырқалпақты ағайынның көңілінен шығып, сол халықаралық айтыстың бас жүлдесін иеленіп қайтқан болатын.

Оқыс қимыл дегеннен шығады, 2001 жылы Семейде Жүрсін Ерман ағамыздың елу жылдық мерейтойына арналған республикалық айтыс өтті.

Атақты Абай театрының сахнасы. Сол айтыста жергілікті бір жас ақынмен айтысқан Айтекең қатты бұлқынып қалғанда астындағы орындығы шашылып кетіп, шалқасынан құлады. Зал не болғанын түсінбей тым-тырыс, сілтідей тынып отыр. Жүрсін ағамыз көмекке жігіттерді шақырып, Айтекеңді демеп, орнынан тұрғызып жатыр. Сахнаның сыртынан басқа орындық та әкелінді. Тұғырына қайта қонған Айтақын ағамыз домбырасын қағып-қағып жіберіп:

Семейге келіп жығылды,
Жетісулық жүйрігің.
Алдыңда мені құлатқан,
Құдайдың қара бұйрығын.
Құласам енді арман жоқ,
Абай бабам жатқан жер,
Шәкәрім данам жатқан жер,
Жеріңе тиді-ау құйрығым! – деп

залды ду еткізді. Енді қалай болар екен деп сахнаның сыртында елеңдеп тұрған біз де Айтекеңнің табан астындағы тапқырлығына дән риза болып қол соқтық.

Айтақын Бұлғақовтың ондай тапқыр жырларын айта берсек бір мақаланың көлемі көтермейді. Еліміздің астанасы Арқаға көшкен кезде Елбасының «Еуразия құрлығының кіндігі» деген сөзін желеу етіп, мекемелерді жаппай солай атау науқаны басталды. Ол қателікті қалт жібермейтін Айтақындай ақынның сын садағына ілінді. Сол уақытта Астана қаласында өткен бір айтыста:

Базарың да Еуразия,
Ажарың да Еуразия,
Асханаң да Еуразия,
Шаштараз да Еуразия,
Шаш ал десе, бас алған,
Бұл не деген безобразия?! – деген

шумағы бір сәтте-ақ ел аузындағы мәтелге айналып кетті. Айтекеңнің осы өлеңінен кейін «Еуразия» деген атауды әркім ашқан мекемесіне бейберекет қоюды тоқтатты. Бәлкім, ақынның ащы өлеңі биліктегілерге әсер еткен де болар. Жалпы, Айтақын Бұлғақовтың айтыстағы және жазба поэзиядағы шығармашылық тұлғасы туралы келешекте толыққанды зерттеу жүргізілу керек деп ойлаймын.

Айтекеңмен айтыс майданында бірнеше рет жолықтым. Онымен айтысу өте жеңіл. Ойнақы әзілімен халықты да өзіне бірден баурап алады. Ол қарсылас үшін де қолайлы. Айтысқа өте тиянақты дайындалады.

Аламанның дүбірі сезілгенде арқаланып кетеді. Содан сахнаға шыққанша екі иығы селкілдеп, аузы-басы жыбырлап жүреді. Ол кезде жанына жақындап кетсең, асау ат сияқты кеуделеп қағып кетуі де мүмкін. Ал айтысып шыққан соң одан жайсаң адам жоқ. Әсіресе, айтысы сәтті шыққан кезде оның қасында жүрудің рахаты бөлек. Айтекең осындай бір ерекше адам ғой.

Осыдан жиырма жыл бұрын Айтекеңнің қырық жылдық мерейтойы туған жері Жаркентте дүркіреп өтті. Үшарал ауылының стадионында өткен айтыста шығыстан Абаш Көкенов, Алматыдан Балғынбек Имашев екеуміз барып бір топ жергілікті ақынмен айтысқанбыз. Айтысты Жүрсін Ерман жүргізген еді. Содан бері жиырма жыл да зулап өте шығыпты.

Уақыт не деген жылдам десеңізші?! Сол кездегі ойын баласы Жандарбек бүгінде елді аузына қаратқан үлкен ақынға айналды. «Алтын домбыраны» екі рет иеленді. Бір айтыста бала Жандарбек үш көлікті қатар мініп, тойлағанымыз да есте. Ал өзінің бала кезінен баптаған балпанақтай Балғынбегі «Алтын домбыраны» да, «Құрмет» орденін де даусыз алған дарын екенін бүкіл ел біледі. Бұл тұрғыда, Айтақын ағамызды әке ретінде де, ұстаз ретінде де бақытты адам деуге болады. Шәкірті өзінен оза шапқан ұстаздың бақытын қазақ баяғыда-ақ бағамдап қойған ғой.

Айтекеңді сонау тоқсаныншы жылдардың басында айтысқа алғаш шыға бастаған кезімнен бері білемін. Кейінгі жиырма бес жылдай уақытта тонның ішкі бауындай араластық. Бір-бірімізді той-томалақ, қызық-қуаныштарымыздан қалдырған емеспіз. Үйіндегі Жәмилә жеңгем дастарқаны жиылмайтын берекелі адам. Қолынан талай дәм таттық.

Айтекең екеуінің бір-біріне деген құрметін өзімізге әрдайым өнеге тұттық.

Сол Айтақын ағамыз алдағы жылы 63-ке толады. Бұл жасқа да өзінің жөнімен өте әдемі келді. Кешегі арындаған аға Айтақын ақсақал Айтақынға айналды.

Десек те, әлі дер шағында. Жазары мен айтары бойынан асып-төгіліп жатыр. Айтекеңдей асыл ағама ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілеймін!

Айтақын Бұлғақов 1960 жылы 19 қаңтарда Жетісу облысы Панфилов ауданы Үшарал ауылында дүниеге келді. Білім жоғары. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін, Ө. Жолдасбеков атындағы Заң академиясын бітірді. Халықаралық, Республикалық ақындар айтысының бірнеше мәрте жүлдегері. Жетісу облысының бас ақыны, «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Республикалық халық театрлар байқауының лауреаты, Моңғолия демократиялық партиясының «Моңғолия тәуелсіздігінің құқығын қорғаудағы ісіне қосқан үлесі үшін» орденімен, Моңғолия Қазақ жастар одағының жоғары сыйлығы «Көшбасшы» алтын медалімен, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай ҚР Ішкі істер министрлігінің медалімен, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды.

ТҮЙІН ОРНЫНА: ***Ақын Серік Ақсұңқарұлы бір өлеңінде «Топырақ – ақынның төркін жұрты. Ұлты – алпыс екі тамыры, жұлын жүйесі, жан жүрегі» депті. Сол айтқандай, айтыстың Айтақынының да ұлты – алпыс екі тамыры, жаны, жүрегі, бар болмысы. Жан дүниесімен ұлтын сүйеді. Ал жансарайына үңілсеңіз, бүлкілдеген әр тамырынан осыны байқауға болады... Жазары мен айтары бойынан асып-төгіліп жатқан алаштың арда азаматына жаныңыз еш жамандық көрмей, желкеңіз мәңгілік желбірей берсін дейміз. Тойыңыз тойға ұлассын!***

Дүйсенбі - Понедельник, 26 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Ақжауын»
14.10 «Арта»
15.15 «Көңіл толқыны»
17.15 «Қызық екен ...»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»
02.55 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Бегом за деньга-ми»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 «Бір кітап»
10.35 М/с «Монстр в париже»
11.30 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Ограбле-ние код 211»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Біз»
23.00Сериал«Мой парень ангел»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и мед-ведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаб-бат»
10.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.45,00.20 «Шырмалған шындық»
13.30 «Время действий» ток шоу
14.40 «ОКНО ЖИЗНИ»
15.50 «5 причин не влю-биться на казаха»
17.50 «Кішкентай келін»
19.00, 01.40 «Громовы. Дом надежды»
20.00 «Astana Times»
02.40 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Ка-захстан!»
10.00«Соленый поцелуй»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы раз-битых фанарей-16»
00.20 «Казанова в России»

КТК

07.05, 01.50 «Тоғжан»
08.40 «Другая женщина»
12.20 «Вкус счастья»
16.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Возвращение»
23.30 «Предвзятое от-ношение»
01.10 «Келинка Сабина-3»
04.00-04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/Меркелік шығарылым
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 Д/ф «Әйгілі режис-сер»
12.35 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Жаңа Қазақстан»
14.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Елге қызмет» / тікелей эфир/
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 Д/ф «Әйгілі режис-сер»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы об-лысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу об-лысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикая-сы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Күліп ал»
08.00 «31 әзіл»
09.00, 00.10 Сериал «По-велитель солнца»
10.00 «Листопад»
12.00 «Жаңа жыл жарылқасын!»
12.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.30 Кино «Флешбэк»
15.50 Мультсериал
17.30 Кино «Боги Египта»
20.00 «Информбюро»
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
23.00 «Линия горизонта»
00.50 «Анупама»
01.30 «Ганг, твои воды за-мутились»
04.00 «Врач»
05.00 «1001 әзіл»
05.10 What s upp?
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Тек қана қыздар»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/с «Гадалка»
09.50 «Док тор Надежда»
10.50 Большой концерт
12.20 «Тойхана»
14.15, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10, 21.30 «Саған сенемін»
16.10, 23.20 «Психологини»
17.20 «Доктор Надежда»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Мастер охоты на единарога»
01.20 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
03.00 «Тамаша 7 км»

Сейсенбі - Вторник, 27 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.15 «Мәртебелі миссия»
15.45 «Көңіл толқыны»
20.35 «Нартәуекел»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
00.30 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «На исполнении»
10.30 «Одна книга»
10.35 Мультсериал
12.00, 21.00Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00Сериал «Мой парень ангел»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Біз»
23.00 «Двойная жизнь»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и мед-ведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.20 Т/х «Жетім жүрек-2»
12.00, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30«Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
15.50 «Замуж в 30»
17.50 «Кішкентай келін»
19.00, 01.40 «Громо-вы. Дом надежды»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
02.40 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Ка-захстан!»
10.00«Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 «Своя земля»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы раз-битых фанарей-16»
00.20 «Казанова в России»

КТК

07.05, 03.30 «КТК қоржынынан»
07.30 Жаңалықтар
08.00, 01.50 «Тоғжан»
09.40 Вечерние новости
10.20, 01.10 «Было дело»
12.10, 23.30 «Предвзятое отношение»
14.00, 21.40 «Возвраще-ние»
16.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.30 «Зәкира»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.35 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.10 «Хотя бы в кино»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу об-лысы)
11.00 «Қазақ үні»
11.30 «Елге қызмет»
12.00 «Кэ Бэк» телехикая-сы
12.35 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.20 «Спорт-тайм»
14.30 «Жанашыр»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 Д/ф «Әйгілі режис-сер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы об-лысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу об-лысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикая-сы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Күліп ал»
08.00 «31 әзіл»
09.00, 00.10 Сериал «По-велитель солнца»
10.00 «Листопад»
12.00 «Жаңа жыл жарылқасын!»
13.00, 15.00 , 16.40 Муль-тсериал
18.10 Кино «Линия гори-зонта»
20.00 «Информбюро»
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
23.00 «Начни сначала»
01.10 «Анупама»
01.40 «Семья»
03.50 «Врач»
05.00 «1001 әзіл»
05.10 What s upp?
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Тек қана қыздар»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/с «Гадалка»
09.50 «Док тор Надежда»
10.50 Большой концерт
12.20 «Тойхана»
14.15, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10, 21.30 «Саған сенемін»
16.10, 23.20 «Психологини»
17.20 «Доктор Надежда»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Мастер охоты на единарога»
01.20 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
03.00 «Тамаша 7 км»

Сәрсенбі - Среда, 28 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
12.30 М/с «Маша и медведь»
13.30 Х/ф «Три богатыря: на дальных берегах»
16.00 Х/ф «Падение ангела»
17.20Х/ф «Один дома»
19.20М/ф «Холодное сердце-2»
21.20 кино «Аладдин»
23.50 ҚР президентінің құттықтауы
01.30 «31 әзіл»
02.30 «1001 әзіл»
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00 Мерекелік концерт
09.00 «Келинка тоже человек»
10.45 Сериал «С новым годом мамы!»
12.20 «За 5 минут до января»
16.20 Х/ф «Жаңа жылдық кездесу»
18.10»Лучшие песни»
20.10 Шоу. «Маска»
22.10 «Саз\соул» концерт
23.50 ҚР президентінің құттықтауы
00.00 Музыкальные клипы
00.30 «Тәуелсіздік дастаны»концерт
03.00 Т/х Япыр-ай
03.30 «Тамаша»
04.20 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

НЕКЕНІ сот арқылы бұзу тәртібі

Бүгінгі таңда ерлі-зайыптылардың ажырасу деректері жиілеп барады. Оны біз күнделікті сот процестерінен анық көз жеткізіп отырмыз. Сонда ерлі-зайыптылардың алға тартатын басты себебі мінезіміз жараспады дегенді сылтау етеді.

Өздерінің әрекеттерін ақылға салып өлшеуден гөрі ашуға бой алдырып, ат құйрығын кесуге бел буғандарында араларындағы көздері жәудіреген ортақ балаларының болашақ тағдыры жайлы ойлауды да естен шығарып жататындары қатты қынжылтады. Алайда ондай шешім қабылдау олардың заңды құқығы болғандықтан, сот істі қарап заңды шешім шығаруға міндетті екені белгілі. Десек те, сотқа арыз жазудың өзін жетік білмей, құжаттарын толық жинай алмай жүретіндер де аз емес. Сондықтан неке бұзудың тәртібі жайлы кейбір деректерді түсіндіре кетсек, артық болмас. Мәселен, некені екі жолмен бұзуға болады – АХАЖ арқылы немесе сот арқылы. Осы жолдардың әрқайсысында келесідей өзіндік шарттары бар. Атап айтсақ, АХАЖ-ға кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың екеуі де ажырасуға келіскенде, және олардың өзара, соның ішінде мүлікке қатысты, талаптары болмаған жағдайда жүгінуге болады. Бұл ретте, кәмелетке толмаған балалардың болуына немесе болмауына қарамастан, егер ерлі-зайыптылардың бірін сот хабар-ошарсыз кетті деп таныса, әрекет қабілеті шектеулі не әрекетке қабілетсіз деп таныса, сондай-ақ, егер қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен сотталған болса АХАЖ-да некені бұзуға болады. Егер осы шарттардың барлығы сақталса, онда ажырасуға өтінішті eGov.kz порталы арқылы онлайн режимінде беруге болады.

Ал, некені сот арқылы бұзу: ерлі-зайыптылардың бірін сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған, әрекет қабілеті шектеулі не әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ, егер қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен сотталған жағдайларды қоспағанда егер ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болса; ерлі-зайыптылардың біреуі некені бұзуға келіспеген жағдайда; егер ерлі-зайыптылардың біреуі ажырасудан қашса; егер ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік немесе өзге де талаптары бар болса жүргізіледі.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талап арыз АПК-нің 148-бабының талабына сай келуге тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік баж салығын төлеу туралы түбіртек қоса беріледі. Неке бұзылып мүлікті бөлу кезінде баж жеке тұлғалар үшін талап қою құнынан – талап қою сомасының 1 пайызы мөлшерінде айқындалады. Талапкердің қолында кәмелетке толмаған баласы болса, онда талап арыз талапкердің тұратын жерінде берілуі мүмкін. Соттар некені бұзу туралы істі, әдетте, ерлі-зайыптылардың екеуінің қатысуымен қарауға тиіс. Сонымен бірге, тараптардың өзара қатынастарын, некені бұзу туралы мәселенің себептерін анықтау қажет.

Кодекстің 16-бабына сәйкес некені бұзу үшін ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтініші, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының (зайыбының) қорғаншысының өтініші қажет. Сонымен қатар, Кодекстің 16-бабының 2-бөлігіне сәйкес ерлі-зайыптының келісімінсіз оның жүктілігі кезеңінде, сондай-ақ, баланың өмірінің бірінші жылы ішінде некені бұзу мүмкін емес.

Ажырасқаннан кейін сотта сізге куәлікті алу үшін АХАЖ-қа жүгінудің қажеті жоқ, өйткені тіркеу процедурасы автоматтандырылған және Жоғарғы Соттан ақпараттар автоматты түрде Әділет министрлігінің ақпараттық жүйесіне жіберіледі және оны бұзғаны туралы белгі неке жазбасына қойылады.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Алматы облысы Іле аудандық сотының судиясы.

ҚАЗЫНА

БҮГІНГІ ТАҢДА ӘРБІР МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ТАРАПЫНАН ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЕҢ АЛДЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МІНДЕТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ТІЛ ТҰҒЫРЫ – ҰЛТ ҒҰМЫРЫ

Президентіміз өзінің жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында мемлекеттік тілге қатысты өзекті мәселелерді жиі көрсетіп келеді. Сондықтан, Көксу аудандық соты іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу шаралары қолға алынып, қазіргі кезде ішкі және шығыс құжат айналымы толығымен мемлекеттік тілге көшірілген. Барлық мемлекеттік органдармен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүзеге асуда. Сонымен қатар сотқа келіп түскен жеке тұлғалардың арыз-шағымдары бойынша арыз иелерінің құқықтарын сақтай отырып, өтініш қай тілде келіп түссе, оған сол тілде және мемлекеттік тілде жауап беріледі.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп жазылған. Бірақ заңның осы талабы әлі күнге толық орындалмай отыр деуге болады. Сот ісінде мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейту мәселесі әлі де бар. Статистикалық деректер бойынша, 2022 жылдың 11 айында Көксу аудандық сотының өндірісіне 42 қылмыстық іс түскен. Алайда мемлекеттік тілде түскен істің саны 23.

Менің ойымша, кейбір тергеушілер орыс тілін жетік білетіндіктен күдікті немесе айыпталушыға тергеу тілін таңдау барысында орыс тілін оларға таңдатып, өздеріне жеңіл жолды іздейтін секілді. Ал, күдікті мен айыпталушы тергеушіге тәуелді болғандықтан, тергеуді орыс тілінде жүргізу туралы арызға қол қоя салады. Мұндай қорытындыға келген себебім, сот мәжілісінде тергеуді орыс тілінде жүргізу туралы арыз жазған сотталушылардың қазақша мектеп бітіргені және орысша жаза алмайтындығы дәлелденіп жатады. Осы себептен 2022 жылдың 11 айында судьялар аталған қылмыстық істерге аудармашыны қамтамасыз ете отырып істерді қараған. Бүгінгі сот ісінде мемлекеттік тілді қолдануды кеңейту мәселесі – прокуратура, құқық қорғау және сот органдарының бірге шешетін жалпы мәселесі.

Айгерім ТЛЕУҒАЖЫҚЫЗЫ,
Көксу аудандық сотының бас маман
сот мәжілісінің хатшысы.

БІЛІМ

МҰҒАЛІМНІҢ кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҚАШАН ДА БАСТЫ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ОТЫР. ЕЛІМІЗДЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ОҢДЫ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛУДА.

Білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіруде елімізде жаңартылған білім беру бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарламамен жұмыс істеуде оқушыларға сапалы білім беріліп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасалуда. Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс. Ол үшін алдымен ұстаздың кәсіби шеберлігі, педагогикалық ғылыми теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеруі маңызды.

Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі қолданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқамаларымен байланыстыруға, сонымен қатар, білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі критерийлерді қолдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.

Әр оқушының дайындық деңгейін, оқудағы жеке ілгері басуын критерийлік бағалау жүйесімен анықтау, тек оқушылардың білім алуға деген мотивациясын ғана емес, мектептегі білім беру үрдісінің де сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Оқушылардың оқу жетістіктерін әділ және шынайы бағалау жүйесі, білім беру мазмұның ажырамас бөлігі болып саналады. Осы уақытқа дейін білім мен білікті тексерудің түрлі әдістері қолданылып келді. Қазіргі уақытта білім беру процесінің жүйелі болуы керек екеніне ешкім күмән келтірмейді,олай болмаған жағдайда оның нәтижелігі төмендейді. Оқыту – тәрбиелеу жұмыстарын дұрыс бағыттай отырып қана оқушылардың бірін-бірі толықтырып отыратын қайшылықсыз педагогикалық әсерге қол жеткізуге болады. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық саласында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек.

Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп – мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін педагогты атаймыз.

Салтанат ЖАЛИМБЕКОВА,
«Б.Сырттанов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.
АҚСУ АУДАНЫ

СТУДЕНТ ОЙЫ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Қазіргі таңда жемқорлықпен күреске қатысты бірқатар халықаралық құқықтық құжаттар қабылданған: Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың халықаралық мінез-құлық кодексі (БҰҰ Бас Ассамблеясының 12.12.1996 жылғы 51/59 резолюциясы); Халықаралық сауда операцияларында жемқорлық пен парақорлықпен күрес бойынша БҰҰ Декларациясы және т.б. Сонымен қатар жемқорлықпен күреске елімізде тиісті түрде көңіл бөлініп, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттеледі.

Жемқорлықпен күресті жүзеге асыруға орай көптеген құжат қабылданды.

Дегенмен, жемқорлықпен күрес саласының негізін қалаушы заң азаматтардың бостандығы мен құқықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық негізінде туындайтын қауіптен сақтауға, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік функцияларды атқаратын лауазымды және басқа да тұлғалардың тиімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы болып табылады. Аталған заң жемқорлықпен күрестің негізгі принциптерін, жемқорлықпен қатысты құқық бұзушылықтардың түрлерін және жауапкершіліктің пайда болу шарттарын анықтайды. Сондай-ақ демократиялық бастаулардың, мемлекеттік бастаулардың өрістеуіне, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауға, халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін ұлғайтуға, білікті мамандардың мемлекеттік қызметке түсуіне ынталандыруға, мемлекеттік функцияларды атқаратын тұлғалардың жемқорлыққа жол бермеуіне жағдай жасауға бағытталған.

Елімізде жемқорлықпен күреске қатысты нақты қадамдар қолға алынуда. Барлық деңгейдегі депутаттардың, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың, бизнес қауымдастығының, жастар ұйымдарының, ғылыми орта мен БАҚ қатысуымен қоғамдық кеңестер құрылған. Аталған шаралар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Алайда жемқорлықпен күрес әлі өзекті мәселе болып қалып отыр. Осы орайда, қоғамымыздың дамуы үшін аталған мәселемен күресте барлық Қазақстан Республикасының азаматтары үлес қосуы тиіс.

Әсел БАҒДАТ,
306 құқықтану топ студенті,
Саналы ұрпақ клубының мүшесі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНЕР

ӘН ӘУЕЛЕГЕН КҮН

МҰРАТХАН ЕГІНБАЕВ – РУХТЫ КӨТЕРЕТІН, ЖАНҒА ТЫНЫШТЫҚ СЫЙЛАЙТЫН, ӘСЕРЛІ ДЕ ӘУЕЗДІ ӘНДЕРІМЕН ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ТЕРБЕТІП, БАР ҒҰМЫРЫН САЗ ӨНЕРІНЕ АРНАҒАН БЕЛГІЛІ КОМПОЗИТОР. ОНЫҢ АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫ МЕН САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН «ҮШ АРЫС», «ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ», «АҚ ҚАЙЫҢ» СЫНДЫ ӘНДЕРІ ҚОҒАМ АРАСЫНДА ҮЛКЕН СЕРПІЛІС ТУҒЫЗДЫ. БҮГІНДЕ САЗГЕРДІҢ ОСЫНДАЙ ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫН ҚАНДЫРАР ӘСЕМ ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛАТЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШТЕРІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ХАЛЫҚ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНУДЕ.

Әуелетіп әуен жазып, халықты ән құшағына бөлеп жүрген композитордың шығармашылығына арналған «Сәйгүлік» атты әншілер байқауы биылғы жылы екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Шашасына шаң жұқтырмас кіл мықтылар бақ сынасқан доданың гала концерті І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті. Өнер бәйгесінің қорытынды шарасында алғашқы болып сөз сөйлеген Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, сазгерге арнайы ілтипаты мен жылы лебізін білдірді.

– *«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, елімізге бел-гілі композитор Мұратхан Егінбаев ағамыздың өнер саласында еткен еңбегі мен төккен тері қандай құрметке де лайық. Қаншама жыл бойы талантты шәкірттер тәрбиелеп, ұлағатты ұстаз атанды. Әуенімен тыңдаушының бойына рух беріп, бабалардың есімдері мен ерліктерін әнге қосты. Өнер адамының мұраты ұлттық өнерді сақтау, бұрыңғы мен қазіргі дәуірді жалғастыру болса, Мұратхан ағамызды сол жақсылардың жұрнағы деп білемін. Халықтың асыл мұрасына қылау түсірмей келе жатқан композитор бүгінде 80 жастан асты. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Бүгінгі сайысқа қатысушы өнерпаздарға сәттілік серік болсын,* – деген облыс басшысы Мұратхан ағамыздың иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Республикалық деңгейде ұйымдастырылған байқауға Астана, Алматы қалалары мен Абай, Қарағанды, Маңғыстау, Алматы, Жетісу облыстарының өнерпаздары қатысып, сазгердің күрделі шығармаларын орындау арқылы бақ сынады. Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен өткен байқауда үш аталым бойынша жүзден жүйріктер анықталды. Атап айтсақ, «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша бас жүлдені Астана қаласынан келген Баян Жұманова алса, «Оркестрдің сүйемелдеуімен ән айту» номинациясының бас жүлдесін Алматы қаласының атынан келген Есенгелді Рза еншіледі. Ал «Эстрада жанрында ән салу» аталымы бойынша астаналық Майра Дәулетбек өзгелерден оза шауып, алдыңғы қатардан көрінді. Үш аталым бойынша топ жарған саңлақтар 300 мың теңгелік сертификаттарға ие болды. Ал бірінші орын еншілеген Жетісу облысынан Асхат Мадиев пен Тілекбай Нагимбаев, Қарағанды облысынан Шыңғыс Сәрсенбай, Астана қаласынан келген Кәмшат Тұрабекованы ҚР Мәдениет қайраткері Ермек Әбілқасымұлы аталған үш номинация бойынша марапаттады. Оларға дипломдар мен қатар 250 мың теңгелік ақшалай сыйлықтар табыстады. Бірқатар қатысушыға ынталандыру сыйлықтары беріліп, гала концертке келген әр өнерпазға композитор Мұратхан Егінбаевтың қолтаңбасы қойылған таңдамалы шығармалар жинағы мен алғыс хаттар табыс етілді.

Шара соңында сөз алған композитор Мұратхан Егінбаев:

– *Бүгінгі жеткен биіктерің ертеңгіге өлшем емес. Ұлтымыздың ұлылығын, жұртымыздың керемет қасиеттерін, тарихта аты қалған алыптарын, Алаштың ардақты ұлдары мен қыздарын алдағы уақытта ән әуезінде өрнектеу енді сендердің міндеттерің,* – деп додаға қатысушы жастарға зор үміт артатынын жеткізді.

Айдана СМАҒҰЛ

ҚУАНЫШ

26 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ҚАУЫШУ

Жақындарымызды бір ай, бір апта көрмей қалсақ көңіліміз құлазып қалатыны рас. Ал келесі жазғалы отырған оқиғада әкесі мен балаларының 26 жылдан кейінгі қауышуы туралы жақын күндері болған Талдықорған қаласындағы жақсы жаңалықты жеткізгелі отырмыз.

Үстіміздегі жылдың сәуірінде Талдықорған қаласындағы облыстық «Жетісу» телеарнасында аты-жөні белгісіз, 60-65 жас шамасындағы ер адам жайлы бейнесюжет шықты. Бұл азамат Талдықорған қаласы «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған әлеуметтік бейім-деу орталығы» коммуналдық мемлекет-тік мекемесіне 08.10.2021 жылы түскен екен. Қарияның қолында ешбір құжа-ты болмады. Алғашқыда есте сақтау қабілетінің нашарлауына байланысты өмірінен тек жекелеген үзінділерді ғана есіне түсіре алатын.

Орталық директоры Бекпенбетов Сұлтамұрат Жарылқасынұлының тапсырмасы бойынша әлеуметтік қызметкерлердің жүргізген жұмыстарының нәтижесінде бұл азаматтың Қырғызстан Республикасының азаматы және отбасының бар екендігі анықталды. Туған жылы, әйелі мен баласының есімдерін есіне түсірді.

Осыдан кейін, аталған жұмысқа «Бармысың бауырым» бағдарламасының еріктісі, «Авангард» бастауыш партия ұйымының төрағасы Ғазиз Аманжолұлы кірісіп, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Мәжілістің комитет төрайымы Құспан Айгүл Сайфоллақызына өтініші жазылды. Қырғыз елі тарапынан көмек көрсету туралы мәселені жеткізді.

Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы мамандары, еріктілер халық қалаулылары және блогерлермен жанжақты осындай іздестіру жұмыстары арқасында 60-тан асқан атамыздың туыстары табылды. 26 жылға дейінгі үзілген байланыс. Атамыздың құжаттары елшілік тарапынан рәсімделіп туыстарымен жақын күндері толығымен қауышты.

Жақсы істер істеуге асығайық ағайын. Осындай сауапты ісіміз көп болсын. Арамызда қиналып жүрген азаматтарға материалдық көмек көрсете алмасақта, тым болмаса осындай қолдау көрсетіп, көмек көрсету жұмыстары тау қопарарлық іспен тең.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ

ПРИОБРЕЛ БОЛЬШУЮ ПОПУЛЯРНОСТЬ

Вновь хотелось бы уведомить населения о новшествах электронного информационного сервиса «Судебный кабинет» в последнее время ведется активная работа по безбумажному варианту документооборота использований новых технологий в судах.

Большую популярность приобрел данный сервис в связи с этим увеличилось количества пользователей сервиса «Судебный кабинет»,который способствуетупрощению судопроизводства посредством электронного взаимодействия, а также обеспечение оперативности, доступности и прозрачности судебной системы. Для получения доступа к сервисам необходимо авторизоваться либо зарегистрироваться имея при этом ключ ЭЦП.

Гражданин, его представитель или адвокат в любое удобное ему время, не выходя из дома, офиса через сеть интернет может просмотреть судебный документ, а также статус по делу и распечатать судебный акт.

Сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и разрешений.

Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда http://www.sud.kz. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись.

При подаче заявлений, ходотайств нужно правильно выбрать один из сервисов для дальнейшей регистрации его в судах, указать свой ИИН и желательно номер сотового телефона,электронный адрес затем вложить необходимые документы, выбрать судебный орган в который адресуйте заявление/ходотайство/.

Внедрение и применение современных технологий в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности к коррупции, экономит время и средства граждан, позволит достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Порядок подачи в суд электронных документов посредством электронного информационного сервиса «Судебный кабинет» интернет-ресурса Верховного Суда Республики Казахстан разработан в соответствии с законами РК, предусматривающих возможность подачи документов в суд в форме электронного документа.

Елдар ҚАЗБЕК,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям области Жетісу.

ОБРАЗОВАНИЕ

Как передает Nur.kz, Министр просвещения РК АсхатАймагамбетов подписал приказ, согласно которому арендаторы школьных столовых теперь будут обязаны создать условия для приема пищи, принесенной из дома. Текст приказа опубликован на сайте информационно-правовой системы «Адилет».

ШКОЛЬНИКАМ ОФИЦИАЛЬНО РАЗРЕШАТ ЕСТЬ СВОЮ ЕДУ В СТОЛОВЫХ

Министр Аймагамбетов подписал приказ о внесении изменений и дополнений в правила организации питания казахстанских школьников.

В числе прочего, в данные правила был внесен пункт 108−1, который гласит: «В организациях образования создаются обучающимся необходимые условия для приема пищи, принесенной с собой».

Таким образом, теперь учащиеся смогут официально приносить с собой обеды и перекусы из дома. Приказ министра просвещения вступит в силу уже 20 декабря.

При этом, как сообщает телеканал «Астана», ранее строгого запрета на домашнюю еду в столовых не было, но в разных школах существовали определенные ограничения, в том числе по санитарным соображениям.

Предприниматель, которая занимается организацией питания в одной из североказахстанских школ сообщила телеканалу, что детей со своей едой в столовую пускают - но не со всей. Под запретом - йогурты, выпечка с мясной и колбасной начинкой.

В среднем обеды здесь стоят около 500 тенге.

Добавим, что в сентябре Асхат Аймагамбетов в своем официальном Telegram-канале сообщал о завышенных ценах буфетной продукции в школьных столовых.

«Нередко буфетная продукция стоила в два раза дороже, чем в соседнем магазине. Нами была создана рабочая группа, состоящая из специалистов, которая разработала необходимые поправки.

Теперь, после заключения новых договоров на обеспечение питания с поставщиками услуг цены в школьных столовых, в том числе на буфетную продукцию, напитки и др., будут формироваться с учетом средних рыночных цен, а не произвольно по усмотрению поставщиков услуг.

При этом за основу будут взяты база данных на портале государственных закупок и сведения органов статистики. Это позволит предотвратить завышенное ценообразование в столовых», - заявил он.

ЗАКОН

ПОДСУДНОСТЬ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Всем известно, что работодатели и работники часто сталкиваются с вопросами связанными трудового спора. Это и несвоевременная выплата заработной платы, и незаконные увольнения, и необоснованный отказ в приеме на работу, и многие другие нарушения трудового законодательства.К причинам нарушения трудовых прав и как следствие возникновения трудовых конфликтов можно отнести и слабое знание, а иногда и незнание правовых норм, непонимание механизма правового регулирования трудовых правоотношений. Не только работники нарушают трудовые правоотношения, зачастую и многие работодатели, пользуясь своим положением, предоставленным им трудовым законодательством, попросту злоупотребляют им.

По общему правилу иски, в том числе о восстановлении на работе и по другим трудовым спорам предъявляются по месту нахождению ответчика (статья 29 Гражданского процессуального кодекса – далее ГПК). Вместе с тем, процессуальным кодексом в отдельных случаях, перечисленных в статье 30 ГПК, предусмотрено право на предъявление иска по выбору истца.Согласно части 3 статьи 30 ГПК иск, вытекающий из деятельности филиала или представительства юридического лица, может быть предъявлен в суд также по месту нахождения филиала или представительства. К сожалению, некоторые истцы, предъявляя иск по месту нахождения филиала или представительства, ответчиком указывают не юридическое лицо, а филиал или представительство, которые не наделены правами юридического лица, следовательно, не могут быть ответчиками по делу в силу статьи 47 ГПК.

При определении подсудности с применением положений части 8 статьи 30 ГПК иски о восстановлении имущественных и неимущественных прав, нарушенных незаконным привлечением к уголовной или административной ответственности, незаконным применением меры процессуального принуждения либо меры обеспечения производства по делу об административном правонарушении, могут предъявляться по месту жительства или нахождения истца.

Надо учесть, что изначальное неправильное определение подсудности по трудовым спорам влечет не только возможную отмену в апелляционном порядке судебных актов, но и несвоевременное разрешение трудовых споров, по которым законом установлен сокращенный месячный срок их рассмотрения.

Айнур СЕИЛЬХАНОВА,
главный специалист Талдыкорганского городского суда.

Новеллы ГПК

МОДЕРНИЗАЦИЯ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

В судебной системе Республики Казахстан систематически происходит модернизация гражданского судопроизводство с тем, чтобы порядок рассмотрения гражданских дел был удобным и быстрым для сторон процесса, ориентированным на их примирение и широкое использование современных технологий.Значительная роль при этом отводится развитию упрощенных производств, позволяющих достичь разумного баланса между процессуальной экономией и сохранением традиционных, фундаментальных основ гражданского процесса. Упрощенные производства ориентированы на наиболее простые и «повседневные» дела, то есть, на охват широкого круга правовых конфликтов, разрешение которых должно быть поставлено под контроль судебной власти.

Цель введения упрощенного (письменного) производства - прежде всего процессуальная экономия средств и времени как суда, так и участников гражданского процесса. Вместе с тем при рассмотрении дел в порядке упрощенного производства должны выполняться все задачи гражданского судопроизводства, указанные в ст. 4 ГПК РК, а также должны быть соблюдены основные принципы гражданского процесса. Не следует рассматривать введение упрощенного производства как отход от принципа равноправия сторон, диспозитивности и состязательности, так как в законе установлены соответствующие гарантии, позволяющие перевести рассмотрение гражданского дела из упрощенного (письменного) порядка в обычный режим искового производства. Законодатель лишь признает, что не во всех случаях суду необходимо проводить развернутую процедуру рассмотрения гражданского дела.

Упрощенные производства моделируются исходя из социальных потребностей, которые связаны с развитием экономических отношений и необходимость быстрого взыскания долгов по неисполненным обязательствам, ускоренного применения запретов и ограничений, судебной защитой и констатацией прав и законных интересов.

Упрощенные производства предусматривают простой, понятный и недорогой для большинства слоев населения механизм защиты прав, что вызвано необходимостью обеспечения приспособленности процессуального закона под наиболее широкие категории дел, типовые ситуации, в которые попадает большинство потенциальных участников процесса.

Анастасия УСМАНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС области Жетысу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАҚТАНЫШ

ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ ЛАЙЫҚТЫ

Әлемде Алаш жұртының абыройын асқақтатып жүрген спорт саңлақтары аз емес. Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз түрлі сынақтан өтті. Соған қарамастан Қазақстан өз алдына дербес мемлекет ретінде жеті рет (1996-2020 жылдары) жазғы Олимпиадаға қатысып, жалпы жиынтығы 72 медаль, оның ішінде 15 алтын, 21 күміс және 36 қола медаль жеңіп алды.

Егемен ел болғаннан бері боксшыларымыз Ермахан Ыбрайымов, Бекзат Саттарханов, Серік Сәпиев, Данияр Елеусінов, жеңіл атлет Ольга Шишигина, велошабандоз Александр Винокуров, жүзуден Дмитрий Баландин сынды саңлақтарымыз Олимпиада тарихына алтын әріптермен жазылды. Бұл жеңістің барлығы ел тәуелсіздігінің және мемлекеттің спортқа ерекше көңіл бөлген сындарлы саясатының арқасында келгені анық. Осындай толағай табыстардың ар жағында шәкірттерін қырандай баптап, аламанға қосқан жүздеген бапкердің еңбегі жатқаны сөзсіз. Спортшылардың шеберлігін жоғары деңгейге көтерген жаттықтырушылардың арқасында халықаралық жарыстарда елдің Әнұраны рет орындалып, көк туы желбіреді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экономикалық жағдай мықты болмағанымен, Қазақстанды төрткүл дүниеге танытатын спорттың дамуына, спортшылардың дүбірлі жарыстарда атой салуына мемлекетіміз барынша қолдау көрсете білді.

Жақында Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері және олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионаттарының жеңімпаздары, сондай-ақ, еңбегі сіңген жаттықтырушылардың өмір бойы алатын ай сайынғы төлемақы мөлшері ұлғайды. Енді жеңімпаз спортшылар мен олардың жаттықтырушылары ай сайын 318 мың теңгеге дейін төлем ала алады. 2022-2024 жылдарға арналған ауқымды жобаға мемлекеттен 1,3 млрд теңге бөлінді. Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қолдау төлемдері – республиканың заңымен арнайы бекітілген тұңғыш жоба.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, төлемді арттыру спортшылар мен жаттықтырушыларды спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандырады.

«*Қазақстанда Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін, олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпиондары атағына ие болған спортшыларға және олардың жаттықтырушыларын қосқанда барлығы 150-ге жуық адам осындай төлем алады. Олардың қатарына Ермахан Ыбрайымов, Ольга Рыпакова, Геннадий Головкин, Юлия Галышева және тағы басқа атақты спортшылар мен бапкерлер енеді*», – дейді министр.

Министрдің айтуынша, бұл төлем бастапқыда 24 АЕК (76 380 теңге) шамасында болып, жылдар бойы өзгеріссіз қалған. «*Биыл Үкіметте Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысы қолдау тауып, ай сайынғы қамтамасыз ету көлемі 100 АЕК-ке (318 000 теңге) дейін өсті. Бұл төлемді алу үшін спортшылар мен жаттықтырушылардың спорт саласында кем дегенде 20 жылдық жұмыс өтілі болуға тиіс*», - деді ол.

Бокстан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Сидней Олимпиадасының жеңімпазы Ермахан Ыбрайымов берілетін соманың үш-төрт есе көбеюі ел намысын абыроймен қорғаған саңлақтарға көрсетілген құрмет деп есептейді.

«*Мәдениет және спорт министрлігінің бұл бастамасы өте дер кезінде қол-ға алған дүние. Мұндай қаражатты алып отырған спортшылар, осы салада жүрген қызметкерлер немесе шәкірт тәрбиелеп отырған бапкерлер енді өз жұмысын алаңсыз атқарады. Мұндай қадам біздің жас спортшыларымызды да жігерлендіреді. Әсіресе, жаттықтырушылар үшін үлкен қолдау болды*», – деді Олимпиада жеңімпазы.

Олимпиада чемпионы Ольга Шишигинаның айтуынша, кезінде ол Мәжіліс депутаты ретінде осы мәселені бірнеше рет көтерген.

«*Біз бұған дейін аталған мәселені көтергенімізбен, еш нәтиже шықпады. Енді Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен Олимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ай сайынғы қамтамасыз ету көлемін 100 АЕК-ке дейін арттырды. Бұл – спортшылар үшін үлкен қолдау. Еңбекті бағала-ғаны үшін елімізге алғыс айтамыз*», – деді ол.

Ал грек-рим күресінен Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаев болса, мұндай қолдау бапкерлерге ғана емес, спортшылар үшін де тиімді дейді.

«*Әр ел спортшыларын өз деңгейінде қолдайды. Мұндай тәжірибе Ресей, АҚШ, Қытай, тіпті Қырғызстанда да бар. Мәдениет және спорт министрі Дәурен Әскербекұлының бастамасымен жүзеге асқан бұл бағдарлама өміршең болса деймін. Бұл тек бапкерлерге ғана емес, спортшылар үшін де тиімді. Себебі бүгінгі спортшы – ертеңгі бапкер, спорт функционері. Олар енді әлем чемпионаты мен Олимпиадада олжа салса, келешекте мемлекеттің қолдауына ие болатынын біледі*», – дейді күміс жүлдегер.

Спортшыларға стипендия тағайындау тәжірибесі әр елде әртүрлі. Ресейде Олимпиада чемпиондары карьерасын аяқтағаннан кейін айына 52 мың рубль алады. Бұл шамамен – 385 000 теңге. Күміс және қола жүлдегерлердің жалақысы – 39 және 30 мың рубль. Ал Индонезияда Олимпиада чемпионына бір реттік сыйақы – 346 000 долларды құраса, әрі қарай өмірінің соңына дейін спортшы 1400 доллар стипендия алып отырады. АҚШ-та жағдай тым бөлек. Оларда NHL, MLS, NBA секілді лига чемпионаттары өз ардагерлеріне жылына 65 000 доллардан жоғары зейнетақы төлейді.

Мына жерде бір деректі келтіре кетсек. Еліміз Олимпиада чемпионы мен жүлдегерлеріне төлейтін сыйақы мөлшерлемесі жағынан әлемде үздіктер қатарына кіреді. Бүгінде Олимпиада чемпионы атанғандар – 250 000 күміс, жүлдегер – 150 000, қола жүлдегер 75 000 долларды иемденеді. Оған облыстан берілетін пәтер кілті мен автокөлікті қосыңыз. Ал Олимпиада чемпионына ең көп төлейтін ел Гонконг – 642 000 АҚШ доллары.

Әлемдік додада Қазақстанның көк байрағын биік тұғырдан желбіреткен сайыпқырандарымыз қазақ спорты тарихында алтын әріппен жазылары сөзсіз. Сондықтан еліміздің атын асқақ биікке көтерген осындай чемпиондарға қандай құрмет пен қошемет көрсетсе де жарасады.

ILYIN Iron Cup-2022

СПОРТҚА БАСЫМДЫҚ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев күштік спорт түрлерінен ILYIN Iron Cup-2022 сайысының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Алғаш рет ұйымдастырылып отырған турнир елордадағы Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде өтуде, деп хабарлайды Egemen.kz Сенаттың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Әр адамның тұлға болып қалыптасуы және мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асыру үшін балалар мен жасөспірімдер спортын және бұқаралық спортты дамытудың маңызы зор. Сондықтан елімізде бұл бағытқа үнемі баса мән беріліп келеді. Сайысқа қатысушыларға сәттілік тілеген Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бұқаралық спортты дамыту жөнінде тиісті органдарға нақты міндеттер жүктегенін айтты.

«*Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлт денсаулығына ерекше көңіл бөліп, осы саланы дамытуды айрықша назарда ұстап келеді. Бұл ретте бұқаралық спортқа, дене шынықтыруға және балалар спортына басымдық беру маңызды. Мемлекет басшысы өзінің сайлау алдындағы бағдарламасында әр оқушы үшін спорт үйірмелеріне тегін баруды қолжетімді ету міндетін жүктеді. Осы ретте бүгінгі сайыс бұқаралық спортты дамыту және дәріптеу тұрғысынан ерекше мәнге ие. Мұндай бастамалар жас буынның ерік-жігері мен рухын шыңдай түседі*», – деген Сенат Төрағасы ауыр атлетика және күштік спорт түрлерінен еліміздің ірі додалардағы жетістіктері мол екенін тілге тиек етті.

Сайыстың ашылу рәсіміне Олимпиада чемпиондары Серік Сәпиев, Ольга Рыпакова және тағы басқа спортшылар мен белгілі тұлғалар қатысты.

Айта кетейік, турнирге елімізден және жақын шет мемлекеттерден 200-ге жуық кәсіби атлет қатысып жатыр. Олар ауыр атлетика, пауэрлифтинг, армрестлинг, кроссфит, мас-рестлинг, гір спорты, армлифтинг, воркаут және стронгмен сайыс түрлері бойынша бақ сынайды.

ГАНДБОЛ

Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында гандболдан әйелдер арасында Азия чемпионаты мәресіне жетті. Сары құрлықтың ең үздік 10 командасы сынға түскен бәсекеде Қазақстанның бойжеткендері бесінші орынға ие болды. Сонымен қатар осы Азия чемпионатында қыздарымыз келесі жылы өтетін әлем чемпионатына жолдама алып, алға қойған басты мақсатына қол жеткізді.

ДОДАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Сеулдегі Азия чемпионатының жеребесі Қазақстан қыздары үшін қолайсыз түсті. Жапония, Қытай сияқты құрлықтағы ең мықты ұжымдармен бір топқа түскен Қазақстан құрамасы Таиланд, Гонконг сияқты командаларды ұтқанымен, Жапония мен Қытайға қарсы тұра алмады. Жапония – бұған дейін Азия чемпионы деген атақпен қатар, үнемі финалға шығып жүрген команда.

Қытай құрамасы да осал емес. Азия чемпионатында 16 мәрте жүлде алған шығыстағы көршілеріміз биылғы жарыстың қорытындысы бойынша жүлде санын 17-ге жеткізді.

Десек те, Қазақстан құрамасы Азия чемпионатының алғашқы ойынында дәл осы Қытай құрамасына айтарлықтай тötеп берді. Тіпті кейбір ойын сәттерінде бойжеткендеріміз есепте алға шыққан еді. Өкінішке қарай, Берік Бекназаровтың шәкірттері өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алмай, қарсыластарына есепте алға шығуына жол беріп қойды.

Жалпы, Азия чемпионаты барысында Қазақстан құрамасы сапында Жанерке Сейітқасым, Дана Әбілдә, Вероника Хардина, Камила Серікбаева, Ирина Барановская, Арайлым Әбдіхамит өте жақсы өнер көрсетті. Мәселен, Қытаймен өткен алғашқы матчта Вероника Хардина 8 доп соқса, Дана Әбілдина 6 рет қарсылас қақпасын дәл көздеді.

Азия чемпионатының қорытындысы бойынша 5 команда келесі жылы өтетін әлем чемпионатына жолдама алды. Олар – Қазақстан құрамасы және үздік төрттікке кірген Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай және Иран құрамалары.

Өткен аптада Оңтүстік Корея құрамасы финалда Жапонияны қосымша уақытта жеңіп (34:29), Азияның 16 дүркін жеңімпазы атанды. Қола жүлде Иранды 39:24 есебімен ұтқан Қытай еншісінде.

Әлем чемпионатын келесі жылы Дания, Швеция және Норвегия құрамалары бірігіп өткізеді. Бүгінде әлемдік жарысқа қатысатын 32 команданың 17-сі белгілі болды. Атап айтсақ, жарыс қожайындарынан бөлек, Франция, Черногория және Нидерланд құрамалары Еуропа чемпионатының қорытындысы бойынша жолдама алды. Африка аймағының үздік төрт командасы қараша айының 20-ында анықталды. Олар – Ангола, Камерун, Конго және Сенегал құрамалары. Америка аймағының қос мықтысы Бразилия мен Аргентина да әлем чемпионатына қатысатын ұжымдарға қосылды. Келесі жылдың көктемінде Еуропа чемпионатының екінші іріктеу ойындары өтеді. Ол жерде 10 команда белгілі болады. Ал қалған бес команданы Халықаралық гандбол қауымдастығы өздері ұсынады (wild card).

egemen.kz сайтынан алынды

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

СЫР-СЫМБАТ

Оның бірнеше себептері бар. Ең негізгісі сырттағы суық ауа мен бөлме ішіндегі құрғақ, ыстық ауа шашты әлсіретеді. Соның әсерінен шаш сынғыш және түсі өзгеріп, жұқарып кетеді. Бұл әрине, шаштың әдемілігіне кері әсер етеді. Сондықтан, қыста шашқа қосымша күтім жасау керек.

ШАШҚА ДҰРЫС КҮТІМ КЕРЕК

Қыста дәрумен тапшылығы да байқалады. Тек қана ағза үшін емес, шашымызға да дәрумен қажет екенін білетін сұлулар мұның алдын алады, дәрумен тапшылығына бой алдырмауға тырысады. Қыс мезгілінде шаш температураның жиі өзгеруінен зардап шегетін болғандықтан, біз оған қалай көмек бере аламыз? Ең алдымен, шашқа күтім жасауда ең маңызды ережелерді есте сақтаңыз:

– Шаштың ұштанған бөліктерін қырқып тастау.

– Шашыңызды жуғаннан соң, дұрыс кептіруге мән беріңіз. Шашты шаш кептіргішпен кептірудің зияндылығы жайлы білесіз. Сондықтан, бос уақытыңыз барда, шаштың өздігінше кебуіне мүмкіндік беріңіз. Алайда, бұл шарт қыс ауасында жарамайды. Өйткені, шаштың өздігінен кебуін күтемін деп бас терісін салқындатып алуға да болмайды. Шаш түптерін қатты кептіріп, ыстық ауамен (феннің көмегімен) құрғатпаңыз. Себебі, шаштың өзегі құрғап кетсе, шаш төгіліп түсе бастайды.

– Егер шаш кептіргішпен кептіруге тура келсе, термоқорғау құралын қолданыңыз. Бұл құрал суық мезгілде шаштың құрғап кетуінен сақтайды.

– Шаш кептіргіш құралмен кептіріп алған соң, бірден далаға шығуға болмайды. Өйткені температураның күрт төмендеуі шаш талшықтарындағы спазмның пайда болуына жол ашып береді. Сондықтан шаштың «салқындағанын» күтіңіз. Одан кейін бас киіміңізді киіп, далаға шығуыңызға болады.

–Суық ауа-райы басталған сәттен бастап, тері де, шаш та өзінің ылғалдылығын жоғалта бастайды. Бұған 2 фактор әсер етеді. Ауа-райының салқындығынан үйді жылыту құрылғыларын іске қосу ауаны құрғатады. Соның әсерінен шашқа да керекті ылғалдылық жетіспейді. Сондықтан, шашты ылғалдандырушы маскаларды қолданғаныңыз жөн.

– Суықтан қорғайтын спрейді сөмкеңізге салып жүріңіз. Сыртқы факторлардың кері әсерінен қорғайтын шашқа арналған қорғаушы спрейді сыққы шығар алдында шашыңызға сеуіп шығыңыз. Антистатикалық әсері бар спрей болса тіптен жақсы. Өйткені, қыс мезгілінде шаштың физикалық процесске сай «электрленуі» көбейеді

– Шаштағы дәрумендердің жетіспеушілігі байқалса, алдымен трихолог маманның кеңесіне жүгінгеніңіз жөн. Себебі, артық дәрумендер де зиянын тигізбей қоймайды.

– Табиғи қылшықтары бар ағаш таракты қолданыңыз. Пластикалық тарақтармен шашты тарау қиын. Олар шатасады, электрленеді, оңай зақымдалады.

ernur.kz сайтынан алынды.

ТӘМСІЛ

САМҒАУДЫҢ СЫРЫ

Ертеде жарты әлемге әмірін жүргізіп тұрған патша сонау шөлді өлке, араб елінен сәлемдемеге жіберілген екі бүркітті тапсырып алыпты. Әмірші мұндай көрікті құсты бұрын-соңды көрмеген екен. Сонымен бұл екі бүркітті бас құсбегіге баулуға беріпті.

Бірнеше ай өтіпті, құсбегі бір күні келіп екі бүркіттің біреуінің тынбай самғап, зеңгір көктерге қанат қағатынын, ал екіншісінің жасалған тұғырға қонақтаған күйінде отыра бергендігін айтыпты.

Патша жан-жақтан жануарлар емшісін алдырып, оқымыстыларды жинап, оларға осы бүркітті амалын тауып ұшыруға жарлық түсіріпті. Бірақ олар түк өндіре алмай жөндеріне түсіпті. Амалы қалмаған патша кенет: «Бұл мәселені шешу үшін бәлкім, түз жағдайына қаныққан, табиғатты әбден түсінетін, осы елдегі білгіштерді шақырыңдар» деп жарлық түсіріпті.

Бір күні ордаға бір диқан келіпті. Келесі күні таңертең патша қандай жағдайға кез болды дейсіз ғой? Бүкіл оқымыстылар мен аңшылар ебін тауып, ем қондыра алмаған әлгі бүркіт бақша кеңістігінде айналсоқтай самғап жүріпті. Қуанышы қойнына сыймаған патша уәзірлеріне: «Таңғажайып керемет жаратқан егей ерді алдыма алып келіңдер» депті. Ол егіншіден: «Сен бұл бүркітті ұшырудың амалын қалай таптың?» деп сұрапты. Диқан өте құштарлықпен иіле тұрып: «Тақсыр, оның амалы өте оңай, мен тек оның қозғалмай қонақтап отырған тұғырының көзін жоғалттым, бұтағын кесіп тастадым» деп жауап беріпті.

Мұнан түйетініміз, әрбір адамның жан-дүниесінде зеңгір көкті емін-еркін самғататын қанат болады. Бірақ біз соның өмір сүріп отырғандығын елеусіз қалдырып, көргенімізден жазбай, өзімізге қанық нәрселерге ғана жармасып, жаһандағы жаңалықтарды ашу қуатымыздан айырылып қаламыз. Біз тек өзімізді құрсаулап отырған «ағаш бұтағын» бұтақтап, кесіп тастасақ қана зеңгір көкте еминеркін самғай аламыз.

Айсе КАТ
(Аустралия жазушысы)

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Ескірген қулық

Бір қарға аузындағы ірімшікті жей бергенінде, түлкі келіп:

– Қарға аға, әдемі даусыңмен ән шырқап жіберші, – дейді. Қарға аузындағы ірімшікті қанатына ыңғайлап қыстырады да:

– Түлкі бауырым, мен ондай ескіріп кеткен қулықтарға алданбаймын. Өйткені мен де қарға мен түлкі ертегісін оқығанмын, – деп жауап берген екен.

Сараң үй иесі

Қожанасыр бір танысының үйіне қонаққа барады. Үйдің иесі тұрып қалған нан мен бір табақ бал алып келеді. Қожанасыр қатқан нанға тісі өтпегеннен кейін, балды қасықпен алып жей бастайды. Оны көрген сараң үй иесінің көзі шыға жаздап:

- Ойбай, абайлаңыз! Бал нансыз желінетін болса адамның ішін күйдіріп жібереді, - дейді.

Қожанасыр балды жеп бітірген соң:

- Кімнің іші күйіп жатқанын бір құдай біледі, - деген екен.

Ақтөстің достары...

Бір ауылда бір шал бәрін мазақтап, бәрімен қалжыңдасады екен. Бір күні сол шалдың Ақтөс деген иті өліп қалады. Ауылдағы жігіттер жиналып:

- Біз де барып қалжыңдайық. Иті өлгеніне көңіл айтып барайық - дейді.

Жігіттер жиналып барса, шал есік алдында отыр екен.

- Ата, итіңіздің арты жақсы болсын! - деп жігіттер шалды құшақтап көңіл айтыпты.

Сонда шал:

- Әй, кемпір, шай қой, Ақтөстің достары келді! - депті.

50 мың теңге

Бірде қалада оқитын студент ауылдағы үйіне былай деп хат жазып жібереді:

"Әке, маған дәптер-мәптер, бал-пал, киім-кешек алатын жүз мың теңге салып жіберіңізші".

Сонда әкесі жауап ретінде:

"Балам, дәптер ал, – мәптерді қайтесің, бал ал, – палды қайтесің, киім ал, – кешекті қайтесің, - деп елу мың теңге салып жіберген екен.

bilim-all.kz сайтынан алынды.

СӨЗ ЖОҚ

Дәулет шағын ауданы

Жетісу шағын ауданы

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 1251
Индекс 15534